


Бекітемін  
Қарағанды облысында  
білім беруді дамытудың  
оқу-әдістемелік орталығы  
директорының м. а.



 Е. Аринов  
21 қазан 2022 жыл

Қаржылық сауаттылық апталығы аясындағы  
техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері  
арасындағы үздік студенттік Бизнес идеялардың  
«Жастар - шағын бизнеске» облыстық байқауын өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ

Қарағанды, 2022 ж.



## 1. Жалпы ережелер

1.1 Осы ереже қаржылық сауаттылық апталығы шеңберінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі - ТжКОБ) студенттері арасында «Жастар - шағын бизнеске» облыстық үздік студенттік Бизнес идеялар байқауын (бұдан әрі - Байқау) өткізудің мақсаттарын, міндеттерін, мерзімдерін, тәртібін айқындайды.

1.2 Байқауды ұйымдастырушылар: «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК, «Қарағанды жоғары политехникалық колледжі» КМҚК.

1.3 Байқау «Қарағанды жоғары политехникалық колледжі» КМҚК базасында күндізгі форматта өткізіледі.

## 2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1 Байқаудың мақсаты: студенттердің бизнес-жоспарларының презентацияларын ұйымдастыру, бизнес-идеялар мен бизнес-жоспарлардың тәуелсіз сараптамалық бағасын алу арқылы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері арасында жастардың әлеуметтік кәсіпкерлігін дамыту.

2.2 Байқаудың міндеттері:

- студенттердің экономикалық ойлау тәсілі мен кәсіпкерлік бастамасын қалыптастыруға ықпал ету;
- студенттердің инновациялық, кәсіпкерлік қызметтегі белсенділігін ынталандыру;
- әлеуметтік маңызы бар қызметте дарынды жастарды анықтау, дайындау және қолдау;
- колледж студенттерінің көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал ету.
- жастар кәсіпкерлігін насихаттау.

## 3. Байқауға қатысушылар

3.1 Байқауға Қарағанды облысының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының барлық мамандықтарының 2 және 4 курс студенттері қатыса алады.

## 4. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

4.1 Байқауды өткізу тәртібі:

- Үміткерлер байқауға қатысуға өтінімді (2 қосымша) және әзірленген жобаларды 2022 жылғы 10 қарашаға дейін [kaf-erpd@mail.ru](mailto:kaf-erpd@mail.ru) электрондық мекенжайға ұсынады.

4.2 Ұйымдастырушылар байқау материалдарын 2022 жылдың 12 қарашасына дейін қарайды және кері байланыс арқылы байқауға қатысу фактісін растайды.

4.3 Байқаудың финалы 2022 жылдың 15 қарашасында «Қарағанды жоғары политехникалық колледжі» КМҚК базасында өткізіледі.

4.4 Жобаны жеке немесе үш адамнан аспайтын студенттер командасы орындай алады.

4.5 Байқауды ұйымдастырушыға ұсынылатын өтініш негізінде қатысушылардың шығуын қоспағанда, команда құрамын өзгерту мүмкін емес.

4.6 Жобаны қорғауға 10 минуттан аспайтын уақыт беріледі (бизнес үлгісін ұсынуға 5 минут, қазылар алқасының сұрақтарына жауап 5 минут).

4.7 Қарағанды облысының ТжКОБ ұйымдарының командалары бірнеше бағыт (1 қосымша) бойынша бір жобадан болған жағдайда қатыса алады.

4.8 Жоба жетекшісі Қарағанды облысының ТжКОБ ұйымдарының бір ғана оқытушы бола алады.

## 5 Байқау жұмысына қойылатын талаптар

5.1 Байқауға қатысуға жеке немесе студенттер командасымен (3 адамнан аспайтын) мемлекеттік немесе орыс тілдерінде орындалған байқау материалдар жіберіледі.

5.2 Байқау материалдарының құрамына келесі құжаттар кіреді:

- Word электрондық форматындағы бизнес-жоба;
- бизнес жобаның презентациясы (PowerPoint форматында).

5.3 Командалық жобалар Canvas бизнес моделі (3 қосымша) түрінде ұсынылады.

5.4 Бизнес-жобаның мәтінін ресімдеуге қойылатын талаптар:

- түрі - Times New Roman.



- шрифт 14 (кестелер мен суреттер үшін 12 );
  - аралық - 1,0;
  - шеттері сол жағы – 2,5 см; қалғандары – 2 см;
  - абзац – 1,25 см;
  - абзацқа дейін және кейінгі интервал – 0;
  - беттердің нөмерленуі (бірінші бет титулдық бет, нөмері қойылмайды), бет нөмерлерінің орналасуы – төменгі оң жақта;
  - кестелер мен сызбалардың нөмерленуі бөлек;
  - мәтін көлемі – 10 беттен аспау керек;
- 5.5 Титулдық парақ келтірілген үлгіге (4 қосымша) сәйкес рәсімделеді;
- 5.6 Жұмыстар байқауға қатысушыларға қайтарылмайды.

## 6 Бағалау критерийлері

- 6.1 Жеңімпаздарды іріктеу үшін байқау ұйымдастырушының бұйрығымен тағайындалатын байқау қазылар алқасы құрылады.
- 6.2 Қазылар алқасының құрамы кемінде 7 адамды құрайды.
- 6.3 Жобаларды бағалауды қазылар алқасының мүшелері бағалау критерийлері (5 қосымша) негізінде жүзеге асырады. Балдық рейтинг негізінде бағыт (1 қосымша) бойынша үздік жобалар анықталады.
- 6.4 Жоба бағыттары бойынша балдық рейтинг негізінде бірінші, екінші және үшінші орын алған қатысушы-командалар байқаудың жүлдегерлері болып жарияланады.


## 7. Байқау жеңімпаздарын марапаттау

- 7.1 Байқау қорытындысы бойынша Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының дипломдарымен марапатталатын 6 номинация бойынша жеңімпаздар анықталады. Байқаудың қатысушыларына қатысушы сертификаты табысталады.
- 7.2 Байқау аяқталғаннан кейін қорытынды нәтижелерін байқаудың ұйымдастыру комитеті жариялайды.
- 7.3 Байқау нәтижелеріне қатысты апелляция мүмкін емес.
- 7.4 Байқаудың қазылар алқасы қойылған ұпайларға қатысты түсініктеме бермейді.
- 7.5 Жобалар байқауына қатысу осы Ереженің барлық баптарымен келісуді білдіреді.

### Байқауды ұйымдастырушалардың деректері:

«Қарағанды жоғары политехникалық колледжі» КМҚК, Қарағанды қаласы, Бұқар-Жыраудыңғылы, 9, телефон: 41-16-20

Байқаудың барлық сұрақтары бойынша ұйымдастырушыларға хабарласуға болады: Тунгушпаева Гульнара Кадылбековна – телефон нөмірі 87478216224.

Келісілді  
Қарағанды облысында  
білім беруді дамытудың  
оқу әдістемелік орталығы  
директорының орынбасары  
 Т. Нартова

ҚО ББД ОӘО әдіскері



О. Кирпан

**ҰСЫНЫЛАТЫН ЖОБА БАҒЫТТАРЫ:**

- әлеуметтік кәсіпкерлік;
- сауда және қызметтер;
- өндіріс;
- Байланыс, ақпарат, білім;
- шоу-бизнес және мәдениет;
- туризм және экология.

Қаржылық сауаттылық апталығы аясындағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері арасындағы үздік студенттік Бизнес идеялардың «Жастар - шағын бизнеске» облыстық байқауына қатысуға Өтінім		
1	Қатысушының(лардың) АӨТ (толық)	
3	Колледж атауы (толық)	
4	Қатысушының (лардың) байланыс телефоны (ватсап нөмері)	
5	Қатысушының (лардың) электрондық мекенжайы	
6	Жоба тақырыбы	
7	Жоба жетекшісі	
8	Жетекшінің телефон нөмері (ватсап нөмері)	
9	Жетекшінің электронды мекенжайы	

## Canvas бизнес моделінің үлгісі

<p><b>8 Басты серіктестер</b></p>  <p>Біздің басты серіктестеріміз кімдер?          Біздің басты жеткізушілеріміз кімдер?          Біз олардан қандай басты ресурстарды аламыз?</p>	<p><b>7 Басты іс-қимылдар</b></p> <p>Бізге жұмыс істеу үшін қандай басты іс-қимылдар қажет?          Клиенттермен қарым-қатынас құру үшін не қажет?</p> <hr/> <p>Басты құндылықтарды құру үшін қандай басты ресурстар қажет?          Біздің тарату арналарымыз қандай?</p>	<p><b>1 Басты құндылықтар</b></p>  <p>Біз клиенттің қандай проблемаларын шеше аламыз?          Біздің ұсынысымыз несімен маңызды?</p>	<p><b>4 Клиенттермен қарым-қатынас</b></p> <p>Әр сегментпен қарым-қатынасымыз қандай?          Олар қалай біріктірілген?          Біз үшін қаншалықты маңызды?</p> <hr/> <p><b>3 Өзара әрекеттестік арналары</b></p> <p>Біздің клиенттер қандай арналар арқылы біздің құндылықтарымызды алғысы келеді?          Қазір қай арналар арқылы алып отыр?</p>	<p><b>2 Тұтынушылар сегменттері</b></p>  <p>Біз кім үшін жұмыс істейміз?          Біз үшін ең маңызды клиент кім?</p>
<p><b>9 Шығындар құрылымы</b></p>  <p>Бизнес-модельмен қандай маңызды шығындар байланысты?          Қандай басты ресурстар қымбат болып табылады?          Қай ең басты іс-қимылдар қымбат болып табылады?</p>		<p><b>Кіріс ағыны 5</b></p>  <p>Біздің клиенттер неше ақша төлеуге даяр?          Ол қазір не үшін ақша төлеп отыр?          Әр ағынның жалпы үлесі қандай?</p>		

## ТИТУЛДЫҚ ПАРАҚТЫ РӘСІМДЕУ ҮЛГІСІ

Қаржылық сауаттылық апталығы аясындағы  
техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының  
студенттері арасындағы үздік студенттік Бизнес идеялардың  
«Жастар - шағын бизнеске»  
облыстық байқауы

## БИЗНЕС-ЖОБА

### ЖОБАНЫҢ АТАУЫ

\_\_\_\_\_ Колледж студенті әзірлеген

Студенттің аты-жөні \_\_\_\_\_

Жетекші \_\_\_\_\_



## Жобаларды бағалау критерийлері

Бағалау критерийлердің атауы	Критерий сипаттамы	Максималды ұпай
<b>1. Бизнес-идеяның ерекшеліктері, сұранысын сипаттау</b>		<b>30</b>
Тауарға/қызметке/жұмысқа сұраныс	Бизнес-идеяға деген сұраныстың сипаттамасы ұсынылған. Сұраныстың негіздемесі нарықты, мақсатты аудиторияны зерттеу, жүргізілген кабинеттік және далалық зерттеулер негізінде беріледі.	20
Жобаның өзіндік ерекшелігі	Бизнес-жобаның ерекшелігі, ұсынылған шешімнің нарықтағы тауарлар/қызметтерден айырмашылығы, тауар/қызмет/жұмыс артықшылықтары сипатталған.	10
<b>2. Жобаның мазмұндық бөлігі</b>		<b>60</b>
Ұсыныстың құндылық сипаттамасы, нарықты бағалау, сұранысты бағалау	Мақсатты аудиторияның сипаттамасы, клиенттің типтік профилі ұсынылды, нарық сыйымдылығына баға берілді, бәсекелестік ортаның, алмастырғыш өнімдердің сипаттамасы ұсынылды. Тұтынушыға ұсыныстың қалай көрінетінін және масштабталатынын, тұтынушы өнімді пайдалану арқылы қалай және қандай пайда көретінін көрсетеді. Қысқа сату жоспары ұсынылған (жақын арада сату көлемі, бағасы).	20
Технологиялық сипаттама	Қажетті шығындарды есептеу және пайдаланылатын ресурстардың сипаттамасы (ресурстардың түрлері, көздері, ресурстардың сапасына/персоналдың дағдыларына ерекше талаптардың болуы) ұсынылған. Өндірістің қысқаша жоспары ұсынылған (жақын арада өндіріс көлемі, өнімнің өзіндік құны). Ұйымдастырушылық нысаны, меншік құрылымы, басқару құрылымы сипатталған.	20
Жобаны іске асыру жоспары, тауарды / қызметті нарыққа шығару	Жобаны іске асыру стратегиясы ұсынылған. Маркетинг жоспары ұсынылған (позициялау, тарату арналары, жылжыту құралдары). Жобаны сәтті жүзеге асырудың негізгі тәуекелдері мен шарттарының қысқаша сипаттамасы берілген. Жобаның тиімділігін бағалау үшін көрсеткіштер ұсынылған. Жобаны іске асырудың болжамдары мен жоспарлары ұсынылған.	20
<b>3. Жұмысты рәсімдеу</b>		
«Байқау жұмысына қойылатын талаптар» 5 тармаққа сәйкес		10
<b>Барлығы:</b>		<b>100</b>